

«Әбілхайыр»бөбекжай балабақшасы ЖШС

Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы

29.08.2022 жыл

қатысқандар: 3

Күн тәртібі:

1. Жазғы маусымдық іс шаралар есебі.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері, талаптары туралы.
3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, күн тәртібі, 2022-2023 оқу жылында арналған іс-әрекетінің кестесін бекіту.

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К.Нурходжаева өткен жазғы маусымдық іс шаралар есебіне тохталып өтті:Жаңа оқу жылының басталуымен педагогтарды құттықтап,алдағы оқу жылында жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде сапалы,жаңаша мазмұнда оқу тәрбие үрдісінжүргізуде жауапкершілікпен қарауға шақырды. Тәрбиешілер жазғы маусымға арналған іс-шаралар есебін берді. Әр тәрбиеші жазғы іс-шаралар,ойындар,сауықтыру шараларының фото альбомдарын көріп ұжым болып баға берілді.Ең үздігі «Ай-жұлдыз» тобының театрландырылған қойылымы «Алдаркөсе» тәрбиеші Г.Джилкибаева таза ауадағы денсаулық мерекесіне өте жақсы деген баға беріліп, алдағы уақытта жазғы іс-шараларды қызықты, пайдалы жағын қарастыру тапсырылды.

2.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К.Нурходжаева Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері, талаптары туралы таныстырып, түсініктеме берді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке

дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптарды негізге ала отырып тәрбиелеу білім беру процесінде:әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады,балалардың құқықтарын,өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі, қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды,когнитивтік дағдылар,өзіне,отбасына,құрдастарына,қоршаған ортаға адамгершілік қарым- қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым- қатынас мәдениеті,ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік,танымдық-сөйлеу,көркем- эстетикалық,шығармашылық қабілеттері дамиды. Отанға,ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді,баланың мектепке оқуға физикалық,психологиялық,эмоционалды, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі., әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

1.Дене шынықтыру ,сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сенсорика, математика негіздері,құрастыру,қоршаған ортамен таныстыру,сурет салу,мүсіндеу,жапсыру,музыка бойынша ұйымдастырылған іс әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.Және де тәрбиеленушілердіңоқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға,тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарын атап көрсетті кіші топ-2 жастағы балалар,ортанғы топ-3 жастағы балалар, ересек топ-4 жастағы балалар,мектепалды топ-5жастағы балалар. Жаңа оқу жылында осы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарымен,ережелерімен жұмыс жүргізуді тапсырды.

3.Тыңдалды: балабақша әдіскері А.Сатбергенова

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Балаларды ерте дамыту институтының мектепке дейінгі ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырып өтті.

Құрметті әріптестер еліміздегі мектепке дейінгі ұйымдар қызметін,сапасын жақсарту мақсатында еліміздің мектепке дейінгі ұйымдарында ауқымды зерттеулер жүргізілді.Зерттеу жасау үшін барлық өнірлерден меншік түрі мен нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар қамтылып,бақылаулар жүргізді. Жүргізілген зерттеу бойынша мынадай нәтижелер айқындалған. «Балалардың бір бірімен қарым қатынасы және тәртібі»көрсеткіші бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің санының көп болуына байланысты балалардың күндізгі уақыта бір бірімен араласу мүмкіндігінің болмауы, бақылау барысында педагогтердің балалар арасындағы кикілжінде қалай

әрекет ету және туындайтын кикілжіндерді шешуге балалармен келіссөздер жүгізуге және оны шешуге қалай көмектесу керектігін білмейтіндігі. Өнер көрсеткіші бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда бейнелеу әрекетіне тиісті жағдай жасалмағандығы, құралдардың бала санына лайық еместігі анықталған. Тексеру нәтижелеріне сүйене отырып тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтарға келесі қағыдаларды назарда ұстау ұсынылады.

- ойын арқылы оқыту,

- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту. Әдістемелік нұсқау хат қосымшасында ұсынылған перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісімен таныстырып, алдағы жылы сабақтастық, демек кіріктірілген түрде оқу тәрбие жұмысы жоспарланады, жоспар, циклограмма, бала дамуының мониторингі екенін де нақтылап өтті.

4.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К.Нурходжаева Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері, талаптарына сай түзілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, 2022-2023 оқу жылында арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін бекітті.

Шешім:

1. Алдағы уақытта тәрбиешілер іс-шаралардың қызықты пайдалы болуы қарастырылсын. Жауапты: Тәрбиешілер.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері, талаптарына сай түзілген оқу тәрбие үдерісі жүргізілсін. Жауапкершілікті өзіме қалдырамын.
3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаттың қағыдасына

сәйкес заттық қызығушылығына, ерекшелігіне қарай жүргізілсін. Жауаптылар: Әдіскер А. Сатбергенова, жалпы педагогтар.

4. Бекітілген үлгілік оқу жоспары, күн тәртібіне, ұйымдастырылған іс әрекет кестесіне сай күнделікті, жүйелі балалардың өмірі ұйымдастырылсын. Жауапты: барлық педагогтар

Төрайымы:  К. Нурходжаева.

Хатшы:  А. Сатбергенова



«Әбілхайыр»бөбекжай балабақшасы ЖШС

Педагогикалық кеңестің № 2 хаттамасы

28.10.2022 жыл

қатысқандар: 3

Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14қазандағы № 422 бұйрығы
3. Бір күндік күн тәртібінің сақталуы. Жедел тексеру қорытындысы барлық топтарда.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері А.Сатбергенова өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тохталып өтті.

Күн тәртібі құрылымы бойынша циклограмма жоспары түзіліп,балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып,күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде театрландырылған қойылымдар,желілік рольдік ойындар,танымдық ойындар ұйымдастырылуда. Балалардың тілдік қарым қатынасын дамытуда үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілардің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру,белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды,мәдениетті қарым –қатынасты игерту мақсатында алынууда.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К.Нурходжаева Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген жаңа Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен таныстырып өтті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері,талаптарына сәйкес әзірленген.

Бағдарламаның мақсаты: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдануға бағытталған дамытушы заттық-кеңестік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшелігіне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, баланың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларда қазақ халқының құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға ең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады. Бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі 5 жыл, бір жас тобында-1 жыл.

Педагог балаға:

Ненің дұрыс және ненің бұрыс екенін түсінуді; сыпайы және мейірімді болуы; дос болуды, құрметтеуді, бөліседі, қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді, таңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді, қауіпсіз мінез-құлқ ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды, физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды, өзі ойнауды, ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа, ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды, өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді.

Бағдарлама меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептерде (лицейлердегі, гимназиялардағы) мектепалды сыныптарда іске асырылады.

Бағдарламада ерте жас тобында (1 жастағы балалар) Физикалық қасиеттерді дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы өткізіледі. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады Танымдық және

зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сенсорика ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы асырылады. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде мүсіндеу, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Кіші топ (2 жастағы балалар) Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сенсорика ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы асырылады. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Ортанғы топ (3 жастағы балалар) Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы асырылады. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-

әрекеттері арқылы іске асырылады. Әлеуметтік–эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс–әрекеті арқылы іске асырылады.

Ересек топ (4жастағы балалар)

Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс–әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс–әрекеті арқылы асырылады.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс–әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс–әрекеттері арқылы іске асырылады. Әлеуметтік–эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс–әрекеті арқылы іске асырылады.

Жаңа үлгілік оқу бағдарламасының мақсат–мазмұндарымен тиянақты танысып, кіріктірілген негізде, ойын түрінде ұйымдастырылған іс–әрекетінің перспективалық жоспарын әзірлеу, апта сайын циклограмма құрауды тапсырды.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К.Нурходжаева педагогтерді бір күндік күн тәртібінің сақталуы, жедел тексеру қорытындысымен таныстырып, ұсыныстар берді. Жалпы бәріміз педагогпіз, сол үшін өз міндетімізді адал, дұрыс атқару әрбір педагогтың міндеті. Өткен кеңестерде заттық–дамытушы ортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу, тәрбиелеу білім беру процесін, күн тәртібін, ата–аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар мен педагогке қажетті материалдар (ұлттық, қимылды ойындар, ертегілер, кітапхана, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру бойынша бейнероліктер сиптемелері, аудиоматериалдар сілтемелері және басқалар) берілді, ұсынылды. Тәрбиелеу–білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс–шаралардан

тұратын күн тәртібіне балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы, балалар іс-әрекетінің түрлері: ұйымдастырылған іс-әрекет, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу қарастырылады. Күн тәртібінің сақталуын тексеру барысында барлық топтарға ұсыныстар: Тамақтану кезінде балалардың толық тыныштығын талап етпей, өздерін еркін сезініп, бір-бірімен жай әңгелесуге мүмкіндік беру ұсынылады. Балаларды асықтырмай, оларды орынсыз ескертпелермен алаңдатпай, тағамның жағымды түрі, дәмі, иісі, пайдасы туралы әңгелесе отырып, балалардың назарын тағамға аудару қажет. Кейбір балалардың тамақты асықпай жейтінін, ал кейбір балалардың жылдам жейтінін ескере отырып, оларды асықпай, керісінше тамақты жақсылап шайнауға, ұсынылғанның бәрін таусып жеуге үйрету керек. Балаларды үстел басында тамақты күтіп отыруға немесе тамақтанғаннан кейін үстел басында отыруға мәжбүрлеуге болмайды. Балалар мынадай ережені білу қажет: тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту және басқалары тамақтанып болғанша ойнауға болады.

Барлық бөлмелер күн сайын желдетілуі тиіс. Топ бөлмелерінде балалар болмаған кезде өтпелі немесе бұрыштық желдету қамтамасыз етілсін. Желдету балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде тәрбиешінің бақылауымен жүзеге асырылсын.

Демалыс уақытында балалардың оңаша ойнауына арналған үйшік, бұл жерде кітап қарауға және дербес ойнауға ыңғайлап жасақтау керек. Демалыс орнын жұмсақ балалар креслоларымен және диванмен ал үйшікті шағын көрпелермен жастықтар, жұмсақ ойыншықтармен жабдықтауға болады. Балалардың оңаша ойнауына арналған үйшікті матадан жасалған шатыр немесе киіз үй формасында қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен безендеріп жасауға болады. Серуенге дайындық кезінде тәрбиешілерге балаларды өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, дербестілікке дағдылантируға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға, оларды мейрімділікке, бір біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту ұсынылды. Серуен күнделікті серуендеу балалардың денсаулығын нығайту, олардың қимыл белсенділігіне деген қажеттіліктерін қанағаттандыру, шаршаудың алдын алу үшін маңызды. Балалардың күнделікті таза ауада серуенде болуы оның физикалық дамуына әсерінің маңыздылығын ескере отырып, серуеннің мазмұнын жан жақты ойластыру, оның балалар үшін қызықты түрлі әрекеттермен: ойын (дербес қимылды және сюжетті ойындар, ұлттық

ойындар), танымдық, коммуникативтік, зерттеу әрекеті және басқалармен өткізу ұсынылады.

Шешім:

1. Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы үлгілік оқу бағдарламасының мақсат – мазмұндарымен тиянақты танысып, кіріктірілген негізде, ойын түрінде ұйымдастырылған іс–әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлеу, апта сайын циклограмма құру.
Жауаптылар: әдіскер А.Сатбергенова және барлық педагогтар.

2. Педагогтерді «Бір күндік күн тәртібінің сақталуы» жедел тексеру қорытындысында ұсынылған ұсыныстар жауапкершілікпен, түзетілсін.
Жауапты: әдіскер А.Сатбергенова және барлық педагогтар.

Төрайымы:  **К.Нурходжаева.**

Хатшы:  **А.Сатбергенова**



Педагогикалық кеңестің

№ 3 хаттамасы

Мерзімі: 24.01.2023 жыл

Қатысқандар 3

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін ойын арқылы дамыту»

Күн тәртібінде.

1. Балалардың эстетикалық санасын бейнелеу өнері арқылы дамыту баяндама
2. «Менің ауылым» сурет көрмесі, «Ертегілер апталығы» қызықты сахналау сайысын қорытындылау.
3. Ашық оқу қызметтерін талқылау.
4. Шығармашылық білім саласы бойынша балалардың қабілетін ашу.

Сөз сөйледі: Педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісі ашты. Күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Сөзді тәрбиеші А. Сатбергеноваға берді.

Тыңдалды: Балалардың эстетикалық санасын бейнелеу өнері арқылы дамыту туралы сөйледі. Балабақшада тәрбиеші бағдарламалық және оқу әдістемелік талаптарды орындаушы ғана емес, ол балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысында кездесетін күрделі мәселелерді өздігінен шешетін, оны жүзеге асыратын ұстаз. Бейнелеу өнері арқылы эстетикалық тәрбие берудегі жұмыстың нәтижелі болуы біздің шеберлігіміз бен іздемпаздығымыз, шығармашылығымыз, білім деңгейіңмен де тығыз байланыста болмақ. Осы орайда тәрбиеші бейнелеу өнері түрлерін жетік біліп, балаға түсінікті түрде қарапайым мазмұнын шығармашылықпен әңгімелеп бере білуі баланың іс әрекетке қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар бояу түстерін ажырата білуге, көркемдік мәнерін сезіне білуге боулайды. Бейнелеу өнер түрлері жайында баланың қарапайым түсініктерін қалыптастыру, эстетикалық өнерге деген қызығушылық, сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Дүниетаным айналаға деген күштарлық, табиғатқа деген сүйіспеншілік, сұлулыққа деген еліктеушілік бала жастан адам бойына қалыптасады. Эстетикалық талғам балалардың өнерде, өмірде шынайы әсемдіктен қанағат, рухани азық алуынан көрінеді. Балалардың қабілеттерін эстетикалық санасын дамытуда педагогтың жеке бас мәдениеті, білімі, өз ісін жете меңгеруі үлкен рөл атқарады. Балалардың көркемдік қабілеттерін, эстетикалық сезімдерін, әсемдікті бағалай білуін дамыта отырып тәрбиеші рухани байлығы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеудің негіздерін қалай береді деді

тәрбиеші. Дайындаған баяндамасынан үзінділер оқыды, тәрбиешілер де өз пікірлерін айтты.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері өткізілген іс шаралар туралы қорытынды айтты. Біздің бөбекжай балабақшамызда жылдық жоспарға сай «Менің ауылым» сурет көрмесі ұйымдастырылды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жұмыстарынан ерекше эсер алып сол арқылы эстетикалық сезімдерін ояту, суреттерді тамашалау арқылы ауыл туралы көбірек білу. Балалар суреттерді жарық бояуларда жеткізуге әрекет жасаған. Тәрбиеленушілердің жұмыстарын көпшілік көргенде балалар қуанып қалды. Ауыл көрінісі туралы стент дайындалған. Стентте өздерінің тұратын елді мекенінің суреттерін ілгенде өте керемет болар еді деді әдіскер. Ақпан айында ұйымдастырылған ұйымдастырылған «Ертегілер апталығы» ең қызықты сахналауға сайыста ересек Қарлығаш тобы «Жыл басына таласқан хайуандар» ертегісін сахналады, сахналау барысында киіпкердің рольдеріне еніп, диалогты сөйлеуге үйрету, дұрыс ырғақ, түрлі интонация, қимыл қозғалыспен киіпкерлердің жан дүнтесін жеткізу болды. Сахна мәдениетіне баулау.

3-мәселе Ашық оқу қызметтерін талқылау бойынша сөз педагогтарға ұсынылды.

Сөз сөледі: Тәрбиеші А. Сатбергенова ересек тобында ұйымдастырылған ашық оқу қызметіне қатысып өзіме керекті әдістерді алдым. Оқу қызметінде тақырыпқа сай ойындар, үлестірмелі материалдар дайындалған. Балалар сандарды атай алады, ретімен орналастыра біледі, кері санай алады деді әріптесі. Ұсынысым: Оқу қызметіне балалар толық тартылса. Ойындар логикалық түрде ұйымдастырылды, қимылды ойын да болу керек деді тәрбиеші.

Сөз сөледі: Тәрбиеші Балапан тобында ұйымдастырылған оқу қызметі туралы айтты. Әріптесімнің іс тәжірбесінен өзіме керекті әдістерді алдым. Оқу қызметінде дыбысты дисктер пайдаланылды, қимылды ойындар өткізілді. Балалар желіммен жұмыс жасауға дағдылынған. Қауіпсіздік ережелерін сақтап отырды Балалар оқу қызметіне белсене қатысты, көңіл күйлері жақсы. Ұсынысым: Шарларды таяқшаларға орнатып балалардың қолдарына беріп, сипаттату керек еді. Жалпы оқу қызметі жақсы ұйымдастырылды.

Тыңдалды: Балабақша тәрбиешісі А. Сатбергенова шығармашылық білім саласы бойынша балалардың қабілетін дамыту жұмыс тәжірбесінен бөлісті. Баланың жан жақты дамуына эсер ететін басты тәрбие эстетикалық

Педагогикалық кеңестің

№ 4 хаттамасы

Мерзімі: 06.03.2023жыл

Қатысқандар 4

Күн тәртібінде.

- 1.Педагог мамандардың аттестаттаудан өту ережесімен таныстыру.
- 2.Бақылау және басшылық Жан жақты тексерудің қорытындысы.
- 3.Балалардың дене дамуының көрсеткіштерін сараптау балабақша мейірбике есебі.
- 4.Мемлекеттік тілді меңгерту.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К.Нурходжаева сөз алды. Меңгеруші педагогик кеңестің күн тәртібімен таныстырып,бірінші мәселеге тохталып өтті.педагогтарды аттестаттаудан өту ережесімен таныстырды. Жыл соңына дейін тест тапсырып өз санаттарыңызды көтеруге болады деп ескертті.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері А.Сатбергенова сөз алды. Ол өз сөзінде Жан-жақты тексерудің қорытындысына тохталды.Оқу жылында балабақшаның міндеттемелерінің әр баланың жеке кабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып жұмыс жүргізілуде.Тексеру бойынша анықталғаны тексеру күндері балалар түгел келіп тұрды. Топтардың іші таза,топтардың іші уақытылы желдетілген.Балалар төсек орындары бала санына сай түгел,таза,жаймалар үш ауысымға жеткілікті.Тосек орындар маркировкаланған.Санитариялық-гигиеналық талаптарына сай мекемеде ылғалды жинау жұмыстары залалсыздандыру заттарын қолдана отырып күнделікті жүргізеледі. Топта ойын және оқу іс- әрекет зонасы бірге,жатын бөлме бөлек орналасқан балалардың киініп- шешіну шкафтары бөлек бөлмеге орналасқан.

Дамыту орталары баланың бойындағы жақсы қасиеттерін дамыту үшін керекті жабдықтармен, көрнекі құралдармен,ойыншықтармен жабдықталған. Балаларды тәрбиелеуде Қазақстан Республикасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»негізінде, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы»негізінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» негізінде жұмыс жоспарланған.

Тәрбиешілерде ұйымдастырылған іс- әрекетінің перспективалық жоспары, тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы, баланың жеке даму картасы, педагог партфолиясы толық жинақталған. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту үшін физикалық дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдылардыларын, зерттеу іс- әрекетінің дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы жұмыс жүргізілуі жалғасуда.

Ұсыныс: үстел үсті театрінің түрлерін көбейту.

Тыңдалды: Балабақша мейірбек Г.Джунисова сөз алды. Ол өз сөзінде балалардың дене дамуының дене көрсеткіштерінің сараптау, мөлшерлі салмақ қосуы, бойының өсуі және статистикалық қасиеттерін сондай-ақ сезім және психикалық қызметінің дамуы дәрігерлік бақылау кезінде өлшеніп, бағаланатын процестер міне осылар. Жас бала тез салмақ қосып, жедел өседі. Баланың организмі сыртқы ортаның қандай болсын өзгерісін сезімтал келеді. Сол үшін баланың жақсы өсіп дамуы үшін үнемі жағымды көңіл күй, дұрыс тамақтану, салауатты өмір салты, қызықты даму ортасы, жақсы достар болу керек деді мейіраға.

Сөз сөйледі: Бөбекжай балабақша тәрбиешісі Г.Джилкибаева ересек тобында мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде үлгілік оқу бағдарламысында айқындалған сөздік минимумды, ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру, шығармалардан әсер алуға ықпал ету, тақпақтарды, өлеңдерді жаттауға, шығармалардағы киіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға, немесе ойдан киіпкердің ролін өзінше сомдауға болатынын айтып жұмыс жүргізуді жалғастырудамын деді тәрбиеші.

Сөз сөйледі: Бөбекжай балабақша тәрбиешісі А.Сатбергенова: Балаларға кітаптарды оқып беру, әдеби тілде сөйлеуге баулу, қазақ тіліне тән **ә, ө, қ, ү, ұ** дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекетінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Туыстық қатынасқа байланысты сөздерді, тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт тұлғаның атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жалғастырып жұмыс жасап жатырмын деді тәрбиеші.

Шешім:

1. Аттестаттаудан өтетін кезекті, кезектен тыс педагогтар өтініш беріп, портфолиясын жинақтасын, ұлттық тестке қатыссын.
2. Оқу - тәрбие жұмыстары стандарт талабына сай орындалуы әдіскер А. Сатбергеновадан сұралсын.
3. Жан-жақты бақылау қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
4. Мемлекеттік тілді меңгерту үлгілік бағдарлама талабына сай жүргізілу жалғастырылсын.

Төрайымы:  К. Нурходжаева

Хатшы:  А. Сатбергенова



Педагогикалық кеңестің

№ 5 хаттамасы

Мерзімі: 27.05.2023 жыл

Қатысқандар 4

Тақырыбы: «2022-2023» оқу жылының қорытындысы».

Күн тәртібінде.

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандартының Үлгілік оқу бағдарламасының орындалуы, балалармен мерекелік іс шаралардың орындалуы туралы есеп.

2. Мониторинг қорытындысы.

3. Бөбекжайдағы сауықтыру іс шаралары

4. Жазғы сауықтыру кезіндегі жұмыстар жоспарын бекіту.

5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау.

Сөз сөйледі: Педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісі ашты. Күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Тыңдалды: Педагогтар жасалған жұмыстарға есеп берді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандартының Үлгілік оқу бағдарламасының орындалуы, мерекелік іс шаралардың орындалуы туралы Баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, тұрмысты, көшеде, табиғат жағдайларында, төтенше жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға, шығармашылық, танымдық, тілдік қабілеттерін қолдана отырып негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс әрекеттерге, Қатынас білім беру саласының ауызекі сөйлеуді, өмірдегі түрлі жағдайлардағы қарым – қатынас дағдыларын игеруге боулу жұмыстары, тәрбиеленушілердің әр түрлі балалық іс-әрекеттерінде Қазақстан халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі және байланыстырып сөйлеуді, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды игеруге баулау жұмыстары жүргізілгендігі туралы айтылды. Таным саласы бойынша санау дағдыларын, геометриялық пішіндер бойынша түсініктерді қалыптастыру, кеңестікті және уақытты бағдарлауды, құрастыруды, тірі және өлі табиғат заттарымен құбылыстары жөнінде білімдерін кеңейткендігі туралы, Шығармашылық білім саласы бойынша балаларға сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын, командада жұмыс істей білуді қоршаған

ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыруды, ұлттық бейнелеу өнеріне баулу, дәстүрден тыс сурет салу, қиялдау, ойлауды, көркем талғамды қалыптастыру жұмыстары туралы айтылды. Әлеумет білім саласында қоғамда өзін өзі ұстау, адамгершілік нормаларын, ересектер және құрбыларымен қарым – қатынас жасай білуін, оларға құрменпен қарауды дербестігін тәрбиелеуді, өзінің отбасына жақындық сезімін жанашырлықты қалыптастыру, қазақ халқының тарихын мәдениетін білу құрметтеуді туған жер туралы тісініктерін кеңейту, еңбек түрлері мен түрлі мамандық иелеріне қызығушылықты қалыптастыру туралы барлық тәрбиешілер жазбаша түрде есеп тапсырды педагогикалық кеңес құжаттарына қоса тігілді.

Тыңдалды: Балалардың тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасын игеру үшін балаларға шамадан тыс салмақ салмай тәрбиелік, дамытушылық, білімдік мақсаттар мен міндеттерді қамтамасыз етуге әрекет жасадық. Білім-тәрбие беру балалардың жастарына сәйкес жүргізілді: Бағдарламаны игеру үшін келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді Дене дамуы: кешенді шынықтыру шаралары, таңғы жаттығу, күнің екінші жартысындағы жаттығулар мен ойындар. Әлеуметтік-тұлғалық даму: режимдік сәттерді өткізуде жағдаяттық әңмелесу, олардың қажеттілігін түсінтіру, тапсырмалар арқылы еңбек дағдыларын дамыту, режимдік сәттерді өткізуде қауіпсіз жүріс – тұрыс дағдыларын қалыптастыру. Танымдық – тілдік даму тілдік дамытушы ортаны құру, ойындарда бақылауларда еркін диалогтар, әңгмелер, сөйлеу белсенділігін ынталандыру жұмыстары балалармен тәрбиеленушілермен ұйымдастырылды. Көркем-эстетикалық даму, баланың күнделікті тіршілігінде музаканы қолдану ойын әрекеттерінде, серуенде, бейнелеу әрекетінде жүргізіліп тұрды. Қоршаған ортадағы әр түрлі дыбыстарға, бөлмелерді безендіруге, жабдықтардың тартымдылығына, заттардың, ойыншықтардың әсемділігі мен тазалығына балалардың назарын аударып үйреттік. Бағдарламаны іске асыру баланың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне, оның жан-жақты үйлесімді дамуына заманауи тәсілдерді қолдануға әрекет жасадық. Ойын, еңбек әрекетін күнде ұйымдастырып баланың тіршілік әрекетінде қолданатын әрекеттерді қалыптастырып, дағдылануына байланысты жұмыстар жасалды. Балабақшамызда балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдай жасауға, ұлттық салт-дәстүрлерді, адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизмге тәрбиелеу жұмысы жалғасуда. Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау нәтижесі бойынша қорытынды жасалды. Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының дамуына жүргізілген

мониторинг қорытындысына негізделіп тәрбиеленушілеріміз Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгерген деп санаймын деді балабақша әдіскері А.Сатбергенова

Тыңдалды: Балабақшаның мейірбикесі балабақшада сауықтыру іс-шараларының ұйымдастырылуы туралы қорытынды жасады. Болашақ азаматтың денсаулығы мықты,жігерлі,қайратты болып өсуі үшін мектепке дейінгі кезеңде балаға көңіл бөлінсе сонда дұрыс негіз қаланады. Біздің балабақшамызда да балалардың салауатты өмір салтын сақтау үшін дене дамуын қалыптастыруға сауықтыру шаралары қаралған. Таза ауада дене шынықтыру,ертеңгілік жаттығулар, спорттық ойын-сауықтар,серуендер,қимылды ойындар,т.б.Баланың бойына ерте жастан бастап мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастырамыз. Болашағымыз жарқын да кемел болуы үшін дені сау,шыныққан бүлдіршіндер тәрбиелей берейік. Балаларымыздың толыққанды өсіп-өнуін үнемі қолға алып жұмысымызды жалғастырайық деді мейірбике.

Тыңдалды:Жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмыстар жоспарына еңбекке баулу үшін баланың қызығушылығын оятатын кеңістік құру,ата –аналармен өзара әрекет ету,Құм терапиясына үлкен мән беру.Бала ағзасыны шынықтыруда ең тиімды шара күн саулесі,құмда дене шынықтыру жалаң аяқ жүру,шомылу процедураларын жазғы жоспарға жоспарладық деді әдіскер.

Шешім:

- 1.Оқу –тәрбие жұмыстары Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы талаптарына сәйкес жүргізілген.
2. Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының дамуын қадағалайтын мониторинг нәтижелеріне сүйене отырып үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игерген.
3. Сауықтыру іс шаралары жалғастырылсын.
- 4.Жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмыстар жоспары бекітілсін.

Төрайым

Хатшы:



К.Нурходжаева

А.Сатбергенова